



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 ж. қыркүйек № _____

Астана қаласы

Ата-аналардан заңсыз ақша
жинауға және заңсыз сыйлық
алуға тыйым салу туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 12-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 793 жарлығының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Заңсыз сыйлық алуға, оның ішінде ата-аналардан, жеткізушілерден және басқа да тұлғалардан зергерлік бұйымдар, сертификаттар, әртүрлі сыйлықтар алуға, қайырымдылық қорына ақша жинауға, гүлден басқа сыйлықтар әкелуге (беруге) қатаң тыйым салынсын.

2. Қызметтен тыс уақытта, әсіресе жолдас-жоралардың, туған-туыстардың арасында мерекелік іс-шаралар қоғамдық орындарда өткізілген кезде, әр қызметкер жеке басының тәртібіне маңыз аударып, осы іс-шаралардан сурет, бейнетүсірілімдерді әлеуметтік желілердегі жеке аккаунттарға орналастырылған кезде мінез-күлік нормалары сақталынсын.

3. Педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

4. Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге қатаң шара қолдансын.

5. Осы бұйрықтың орындалмауына жол берген мұғалімдерге атқарып отырған лауазымынан босатуға дейінгі шара қолдансын /қосымша тізім/.

6. Осы бұйрықтың орындалуына директордың тәрбие жұмысының орынбасарлары Б.С. Айтүганов, Қ.Э. Мантіеваға жүктелсін.

Мектеп-лицейінің директоры

К.Түлеуова

Бұйрықпен таныстым:

Б.С. Айтүганов

К.Э. Мантіева

